Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне

Қызылорда облысының прокуратурасына

Қызылорда облысы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Шығыс: 12
03.03.2026

Қызылорда облысының білім басқармасына

«Қызылорда облысының білім басқармасының
«Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» КММ-не

"Қызылорда облысының білім басқармасының
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
"№14 "Самал" бөбекжай-бақшасы"
коммуналдық мемлекеттік мекемесіне

ШАҒЫМ

"Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "№14 "Самал" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі № 16068336-1 «Азық-түлік сатып алу» конкурс бойынша сатып алу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы "Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" (әрі қарай - Қағидалар) негізінде ұйымдастырылған конкурсын қайта қарауыңызды сұраймын.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшада тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттары бекітілген. Атап айтқанда:

1. Әлеуетті өнім берушінің тиісті аймақта конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі (Әр 12 айға 1 балдан, бірақ 5 балдан аспайды);

2. Конкурстың (лоттың) мәні болып табылатын отандық тауарды өндірушінің мәртебесін растайтын құжаттың болуы (3 балл);

3. Азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары (3 балдан аспайды).

Жоғарыда аталған қосымшаға ескертпеде мынадай көрсетілген:

1-тармақ бойынша конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы тауарларды жеткізу кезеңі, осы шарттарды орындаудың әрбір айы үшін тауарларды қабылдаутапсыру актілері көрсетіле отырып, бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен расталады.

Конкурстық комиссия шешімімен алдыңғы 7 жыл жұмыс тәжірибесі бар «Раяна-16» ЖШС-не 4 балл берілген.

Алайда «Раяна-16» ЖШС конкурс құжаттамасының талаптарына сәйкес:

- **бұрын жасалған келісім-шарттардың көшірмелерін;**
- **әрбір 12 айлық кезең бойынша тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін;**
- **шарттардың орындалуын растайтын барлық қажетті құжаттарды толық көлемде ұсынған.**

Ұсынылған құжаттар 7 жылдық үздіксіз жұмыс тәжірибесін толық растайды.

Соған қарамастан, балабақша тарапынан 7 жылдық жұмыс тәжірибесі есепке алынбай, тиісті балл берілмеген.

Осыған байланысты, балабқша тарапынан аталған жыл ішінде «Раяна-16» ЖШС атқарған қызметін, тауарларды жеткізу мен қабылдау-тапсыру актілері бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын ресми құжат (қабылдау акт, келісім-шарт көшірмесі немесе растайтын анықтама) құжаттарын сұратып, «Раяна-16» ЖШС-нің 7 жылдық жұмыс тәжірибесін толық көлемде есепке алып, жетіспейтін жыл үшін тиісті баллды қосымша есептеуді сұраймыз.

Сонымен қатар, жеңімпаз деп танылған «Orda Co» ЖШС-не берілген баллдар негізсіз деп есептейміз.

3-тармақ бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) талаптарына сәйкес мамандандырылған көліктің бар болуына арналған құжаттар (автокөліктің техникалық сипаттамаларын, автокөлікке техникалық паспорттың мәліметтерін (№, берілген күні, автокөліктің маркасы, автокөліктің мемлекеттік тіркеу нөмірі, иесі), эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объект қызметінің (пайдалануының) басталғаны туралы хабарлама ұсынылған кезде тиісті балл қойылады.

1 . «Orda Co» ЖШС-на Тауарларды жеткізушілерді таңдау критерийлері (8-қосымша)-ның 3 – тармағына сәйкес «Әлеуетті өнім берушінің» «Азық-түлік өнімдерін мамандандырылған көлікпен жеткізу шарттары» 3 ұпай негізсіз қойылған.

Ұсынылған құжаттарда автокөліктің техникалық паспортында Ford Transit тіркеу нөмері 591AJ11 АҚ түсті деп көрсетілген. алайда, Қызылорда облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасының (ГАИ) берген 16.09.2024 жылғы №5-54/14125 хатта көліктің АҚШЫЛ САРЫ (БЕЖЕВЫЙ) түсті деп көрсетілген, яғни хатта басқа көлік көрсетілген.

- Сонымен қатар, «Orda Co» ЖШС мекемесі ұсынған құжатта «Транс Капитал Сервис» ЖШС анықтамасы көрсетілген, бірақ анықтама тек «УАП үшін актіні алу және кейін СпецЦОН-да рәсімдеу үшін жарамды».
- Осы фактілерге қарамастан балабақша тарапынан балл берілген, бұл әділдікке және конкурс ережелеріне сәйкес келмейді, сондықтан осы берілген баллды қайта қаруыңызды сұраймын.

2. **«Әлеуетті өнім беруші «Orda Co» ЖШС-ға тиісті аймақта конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі бойынша – 5 балл негізсіз берілген.**

Себебі: 8 - қосымшаның 1-тармақшасы бойынша конкурс өткізетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы тауарларды жеткізу кезеңі, осы шарттарды орындаудың әрбір 12 айға 1 баллдан тауарларды қабылдау-тапсыру актілері көрсетіле отырып, бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен расталады делінген:

- **№ 16068336-1 Азық-түлік өнімдерін сатып алу электронды конкурсы 2026 жылдың 30 Қаңтарында салынып отыр, Әлеуетті өнім беруші «Orda Co» ЖШС 24.04.2019 жылы құрылған, яғни толық 7 жылдық тәжірибесі жоқ.**
- **2019 жылға толық 12 айға толық қабылдау актілері ұсынылмаған. Демек, берілген балл конкурс ережесіне сәйкес емес.**
- **Келісім-шарттың нөмері 01/2025 деп көрсетілген, алайда қабылдау актісінде «№1 келісім-шарт»-деп, басқа келісім-шарт ретінде көрсетілген.**

2.1. Келісім-шарттардың электрондық форматта болмауы:

«Orda Co» ЖШС тарапынан ұсынылған жұмыс тәжірибесіне қатысты құжаттарды талдау барысында мемлекеттік мекемелермен мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалған электрондық келісім-шарттар және орындалуын растайтын электрондық қабылдау-тапсыру актілері ұсынылмады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекемелер мен өнім берушілер арасындағы келісім-шарттар міндетті түрде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы электрондық форматта жасалып, тіркелуі тиіс.

Осыған байланысты:

- Порталда тіркелмеген шарттар мемлекеттік сатып алу аясында ресми шарт болып есептелмейді;
- Электрондық актілермен расталмаған жұмыс тәжірибесі конкурс талаптарына сәйкес дәлелденген болып саналмайды;
- Мемлекеттік сатып алу порталында тіркелген және орындалуы расталған шарттардың болмауы 7 жылдық жұмыс тәжірибесін есептеуге негіз бола алмайды.

Осы себепті «Orda Co» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі үшін берілген баллдарды қайта есептеу қажет деп есептеймін.

3. **2018, 2019, 2021, 2023, 2024, 2025 жылдарындағы Келісім-шарттаардың 6-тармағында даулардың қаралу тәртібінде Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты қаралатыны көрсетілген, № 16068336-1 Азық-түлік өнімдерін сатып алу электронды конкурсы Қызылорда облысында өткізілген. Аталған жылдар бойынша жасалған келісім-шарттарды тексеріп, қай облысқа тиесілі екенін анықтауды:**

«Осыған сәйкес «Orda Co» ЖШС-ның Қызылорда облысы бойынша салық төлемдерін тексеру қажет»-деп санаймыз.

4. **«Orda Co» ЖШС** басшысының өзгеруі туралы құжаттың болмауы:

- 2019 жылы Ерден Н.Ж, басшы болған, 2023 жылы Нұрманов Н. болып өзгергені туралы құжат ұсынылмаған.

5. Нақты емес құжаттар:

- 2025 жылға қатысты тәжірибе көрсетілген келісім-шартта Нұр Амина балабақшасымен келісім-шарт көрсетілген.
- **Құжатта Таханова Г.М. директор - деп қол қойылған, алайда «Нұр Амина» балабақшасы құрылтайшысы Таумбаева Айжан Багдатовна. Сондықтан бұл құжаттыңда нақты екенін тексеру қажет деп санаймыз.**
- Балабақшаның штаттық бірлігі бойынша құрылтайшы (Учредитель) немесе Меңгеруші (Заведующий) болады.

6. Тауарларды жеткізушілерді таңдау (8-қосымша)-на сәйкес:

Орындаушыға әрбір сипаттамалар мен қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.

Тауарларды сатып алу жөніндегі № 16068336-1 Конкурстың ережесіне сәйкес әлеуетті өнім беруші "Orda Co" ЖШС ұсынылған лоттарда тауардың нақты атауын көрсетпеген.

Қосымша дәлелдеме құжаттары қоса жолданады.

Қорытынды:

«Раяна-16» ЖШС -ның жұмыс тәжірибесіне берілген балл ды қайта қаралуын:

Жоғарыда көрсетілген деректерге сүйене отырып, конкурстық комиссияның «Orda Co» ЖШС -не берген баллдары дұрыс есептелмегенін және конкурс шешімінің қайта қаралуын ресми түрде сұраймыз.

«Раяна-16» ЖШС мекемесі директоры: **Курманбеков К.К.**